

РАЗДЕЛ 2

ЭКОНОМИКА И УПРАВЛЕНИЕ ПРЕДПРИЯТИЯМИ И ОРГАНИЗАЦИЯМИ

Ә.М. Ақнияз, жетекшісі аға оқытушы Т.Н. Беделбекова,
Қазақ Еңбек және Өлеуметтік қатынастар Академиясы, Алматы, Қазақстан,


Жас кәсіпкерлерді мемлекеттік қорғау және қолдау

Түйіндеме. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау деп Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастамашылықты іске асыру үшін құқықтық, экономикалық қолайлы жағдайлар жасау . Ел экономикасының ілгері басуына шағын және орта бизнестің қосар үлесі зор. Дамыған елдерде экономиканың қомақты бөлігін осы шағын кәсіпкерлік құрайды. Сондықтан біздің елімізде де шағын және орта бизнестің қанат жаюына жағдай жасап, табысты саланың өркендеуіне айрықша көңіл бөлуі тиіс.

Кілттік сөздер: кәсіпкерлік, шағын және орта кәсіпкерлік, бизнес, қаржыландыру.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың мәні. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау деп Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастамашылықты іске асыру үшін құқықтық, экономикалық қолайлы жағдайлар жасау, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру бойынша мемлекеттік кешенді шаралар деп түсініледі. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейді.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту кез-келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды, яғни: Салалық және өңірлік монополизм жойылады; Рынокта тауарлар мен қызметтер көбейеді; Жаңа жұмыс орындары ашылады; Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі; Қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады.



Кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсетудің бұл құралдары бюджет заңнамасын жетілдіру шеңберінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген. Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі «жастар арасындағы кәсіпкерлік іс». Елбасы Н. Назарбаев жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында жастар саясатын жүзеге асыруға арналған кешенді бағдарламалар жасап, оның орындалуын тікелей өзі қадағалап келеді. Егемен еліміздің болашағы жастар еншісінде. Сондықтан да жастар саясатының тиімділігін арттыруға баса көңіл бөліп келеді. Еңбек етуші халықтың 60 пайызы шағын және орта бизнесте жұмыс істеген кезде Қазақстан тұрақтылыққа қол жеткізетінін атап өткен еді. Жалпы, жастардың мәселелеріне, оның ауылдық жерден қалаларға қоныс аударуына және бұдан кейінгі жұмысқа орналасуына, бейімделуіне қатысты түйінді мәселелер аз емес. Жастардың кейбір бөлігі өздерінің күш- қуаты мен білімін қайда жұмсарын білмейді. Жастар проблемаларының бүгінгі жағдайы бұл жұмыста жаңа басымдықтармен тетіктерді әзірлеуді талап етеді. Мемлекет үлкен өмірге қадам басқан әрбір жігіт немесе бойжеткен өзінің еңбегімен және ықыласымен 4 негізгі құқықтарымен міндеттерін, яғни жақсы кәсіби білім алуды, лайықты деңгейде ақы төленетін тұрақты жұмыс болуын, отбасын құру үшін өз баспанасының болуын, салауатты өмір салтын жүргізу мүмкіндігінің болуын іске асыру үшін барлық жағдайды туғызуы тиіс, – деді Елбасы.

Жастардың әлеуметтік мәселесін шешу үшін, көзі қарақты белсенді жастардың пікірімен санасу керек. Сонда ғана, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңірген жастардың қоғамдағы ролі артады. Жастарды кәсіпкерлік іске баулу, жұмысқа орналастыру, оларға заманауи технологияны меңгерту күн тәртібінен түспей отырған өткір мәселелердің бірі. Экономикалық тәрбие - жастар арасындағы кәсіпкерлік іс бастауының негізі болып саналады. Жастардың экономикалық білімдер негіздерімен қаруландыру, қоғамның экономикалық саясатын ұғындыру, өндіріс, айырбас, бөлісу және тұтыну шеңберіндегі негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгерту деп түсінуіміз керек. Жас жеткіншектердің еңбекті қажетсінуін, еңбексүйгіштігін, қоғамдық еңбектегі белсенділігін, саналы еңбек тәртібін және басқа да моральдық сапаларын қалыптастыру экономикалық тәрбиенің алғышарттары болып табылады. Жастарға экономикалық білім беру қазіргі қайта құру кезеңінде өте көкейтесті мәселелердің бірі. Оларды халық шаруашылығының әр түрлі салаларында жұмыс істей білуге үйрету үшін экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық білімдермен қаруландыру қажет.

Жастарға экономикалық білім мен тәрбие берудің нәтижелері олардың экономикалық мәдениетін және жаңа типтегі экономикалық ойлауын қалыптастырады. Мемлекетімізде кәсіпкерлік саласын қолдауға байланысты көптеген бағдарламалар жұмыс жасайды, бірақ жастар кәсіпкерлігі саласы бойынша «Даму» қорының ғана арнайы бағдарламаларында нақты механизмдер белгіленген. Жастар арасында кәсіпкерліктің әлсіз дамуының себебін түсіндіретін факторлар мен проблемалардың бүгінгі күні айқын, олар: біріншісі, жастар арасында бизнес білімінің жеткіліксіздігі және мемлекеттік бағдарламаларға ақпараттық қолдаудың тиімсіздігі, екіншісі, тәжірибенің

жеткіліксіздігі, үшіншісі, ең негізгі проблема бұл жастар арасындағы жобаларды қаржыландыру мәселесі болып табылады. Қазіргі таңда «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жас кәсіпкерге біршама қолдау бар. Қазақстан әлемдік өркениет көшінен өз орнын алуы үшін отандық өнімдеріміз барлық жағынан талапқа сай болуы қажет. Ол үшін отандық кәсіпкерді, оның ішінде жас кәсіпкерді кешенді түрде барынша қолдау керек. Жас кәсіпкер – ертеңгі аяғынан тұрған, әлеуеті күшті, халықаралық деңгейде жұмыс істейтін кәсіпкер қалыптастырушы орта. Бір нәрсе анық, ол – ең негізгі міндет ретінде жастар кәсіпкерлігін дамыту және жас кәсіпкерлерге жеке бизнесін қалыптастыруға және шағын бизнесте өзіне жұмыс табу үшін мүмкіндік беру қажет.

Мемлекеттік органдар кәсіпкерлерге қолдаудың көрсетіліп жатқанын айтады, ал жас кәсіпкерлер қолдаудың жеткіліксіз екендігін алға тартып келеді. Менің ойымша бұл үнемі жүретін күрес. Мемлекеттік қолдау бар, бірақ шектеулі, талаптары қатаң, жас кәсіпкерлерге қолжетімді емес. Жас кәсіпкерлердің мемлекет жасап отырған қолдаулардан алып отырған үлесі мүлде төмен. Егер жастар кәсіпкерлігін қолдау барынша кешенді түрде жүргізілсе, жұмсалған әрбір теңге еліміздің экономикасы үшін салық пен түсім ретінде 2-3 теңге болып қайтады деп ойлаймын. Еліміздегі әлеуетті кәсіпкер 25-34 жас шамасындағы азаматтардан құралғанын ескерсек, әлбетте жастар кәсіпкерлігін дамытудың маңыздылығын талап етеді. Жалпы жастар кәсіпкерлігінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны әлі де жетілдіріп, әкімшілік тосқауылды азайтып, бизнеске салық жүктемесін төмендетіп, қаржылық және қаржылық емес шаралар түрінде бизнесті кешенді қолдауды жүзеге асыру қажет. Ең басты мәселе – олардың құқықтық мәртебесінің анықталмауы болып отыр. Жаңадан іс бастайтын тәжірибесіз жас кәсіпкер қаржылық ғана емес, ең әуелі ақпараттық, кәсіп жүргізу туралы білім, бизнес- жоба жасау, өнімі мен қызметін өткізу және бизнес бастауда басқа да көптеген қиындықтан өзі жол тауып шығуға мәжбүр.

Сондықтан мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған мемлекеттік қолдаудың белгілі бір үлесі мақсатты түрде жас кәсіпкердің қызметін дамытуға және қолдауға бағытталса дейміз. Жас кәсіпкердің қызметін мемлекеттік сатып алу арқылы қолдау. Жалпы айтпағым, тәжірибесі жоқ жас кәсіпкерге өзгелермен қатар заңның қатал талабы тең қойылады. Алдағы кезеңде кәсіпкерлік қызметте жұмыс істеушілердің үлес салмағын экономикалық белсенді халықтың 60-70%-ына дейін жеткізу үшін осы салаға жастарды көбірек тартуымыз керек. Жалпы жастар басқаратын компаниялар үлкен тәуекелділікке тап болғанымен, жетістікке жетуге мүмкіндігі мол, елге қызмет ету уақыты көп екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Алдағы уақытта Қазақстанға бизнесті дамытуға қабілетті, білікті жастар көптеп керек болады. Жастардың бизнеске қызығып, кәсібін ашып, жұмысын бастауы үшін бастапқы капиталға қол жеткізуін қамтамасыз ету керек. Ақпараттық қызмет көрсету, кәсіпкерлік дағдылары мен бизнес жүргізуді оқыту; өңірлік және салалық ерекшелікке қарай басым және перспективалық бағыттарды айқындау;

өндірілген тауарлары мен қызметтерін өткізуге ықпал жасау және мүдделерін қорғау бағыттарында қолдау көрсету қажет.

Қазақстанда жеке кәсіпкерлікті қолдау мәселесі алғаш рет 1992ж. 4-ші шілдеде қабылданған. «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» заңында көрініс тапты. Соңғы уақытта шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында елімізде ҚР Президенттінің бастамасымен 5 заң заңды күші бар 7 қаулысы, бірнеше бағдаламалар қабылданды (шағын бизнесті дамыту мен қолдаудың 1999-2000, 2001-2002жж арналған бағдарламалар). Сондықтан, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен ынталандыру бүгінгі күні мемлекетіміздің алдындағы өзекті мәселелердің бірі. Бүгінде, ҚР-ның аса назар аударып жатқан аясы шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдаумен оны материалдық, құқықтық қамтамасыз етудің өзекті проблемалардың мүмкінiгiнше шешу болып табылады.

Сондықтан бұл мәселе тіпті ҚР-дің Президентінің «Қазақстан – 2030» бағдарламасында да көрініс тапқан: мұндай экономикалық өсу стратегиясының принцип ретінде шағын кәсіпкерлікті дамытудың мақсаты - оны дамыту үшін қолайлы жағдай жасау. Негізгі басымдықтар:

- мемлекеттік, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі өзара іс-қимылы;

- несиелендірудің тиімді және қол жеткізілетін жүйелерін қалыптастыру;

- шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамыту.

Белгіленген шараларды іске асырудың нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілері санының өсуі, жаңа жұмыс орындарының құрылуы, шағын бизнес саласында жұмыс істейтіндер санының артуы, нақты бәсекелестік орта құру, қоғамның орта негізі ретінде меншік иелерінің жаппай жігін қалыптастыру күтіп отыр.

ҚР-дағы шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шараларарының бірі «Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жетілдіру жөніндегі шаралар туралы». ҚР-ның Президентінің жарлығы (06.03.97 ж). Бұл жарлық бойынша:

- шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау институты құрылды: ҚР-ның экономика және сауда Министрлігінің шағын кәсіпкерлікті қолдау Департаменті: (бүгінгі шағын кәсіпкерлікті қолдау функциясы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелген);

- «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы », «Жеке кәсіпкерлік туралы» және басқа заңдар қабылданды;

- мемлекеттік тексеруші органдар саны азайтылды;

- шағын кәсіпкерлікті дамыту Қоры құрылды;

- екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне минималды көлеміне несиелендіру бекітілді. (банктің несиелік портфелінің неізгі қаражаттарының / қарызының 10% кем емес мөлшерде).

Жоғарыдағы аталған кәсіпкерліктің дамуына мол сенім, мемлекет тарапынан кепіл, экономикалық негіз ретіндегі заңдар мен құқықтық – нормативтік құжаттар мен қатар қаржылай, салықтық, инвестициялық және тағы басқадай қолдаудың түрлері бар.

Ақша несие саясатын ынталандырудың кәсіпкерлік қызметінің жүзеге асуына ықпалы өте маңызды. Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау туралы мәселе қозғалғанда несие мәселесі маңызды, өйткені несие кәсіпкерлер үшін басты қаржы көзі. Республикада шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін бірнеше жолдары қалыптасқан. Кәсіпкерліктің күрделі мәселелерінің бірі – несиелік ресурстарды алудың қиындығы. Себебі несие алу үшін кепілге қоятын мүлік, бизнес-жоспар жоқ. Осы себептен банктерде шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыруға асықпайды.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау жөнінде белсенді жұмыстардың жүргізілуі елімізде бизнестің дамуына оң әсер етеді.

Ел экономикасының ілгері басуына шағын және орта бизнестің қосар үлесі зор. Дамыған елдерде экономиканың қомақты бөлігін осы шағын кәсіпкерлік құрайды. Сондықтан біздің елімізде де шағын және орта бизнестің қанат жаюына жағдай жасап, табысты саланың өркендеуіне айрықша көңіл бөлуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (II тарау, 131-бап)
2. Ихданов Ж.О., Орманбеков Ә.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелер.

*А.В. Аманатиди, научный руководитель Н.А. Ащеулова
Каспийский общественный университет, Алматы, Казахстан.*

Маркетинговая политика банка

Аннотация. *Важным элементом формирования действительно эффективных взаимоотношений банка и потребителей является развитие способов оказания услуг, которое подразумевает не просто изменение имеющихся технологий, но и внедрение новых. Одним из основных инструментов совершенствования способов оказания услуг становится банковский маркетинг.*

Ключевые слова: *маркетинг, банк, банковские услуги, клиент, реклама.*

Целью политики руководства Банка и работы всех его служб является привлечение клиентуры, расширение сферы сбыта своих услуг, завоевание рынка и, в конечном счете, увеличение получаемой прибыли. Средствами достижения данной цели являются инструменты банковского маркетинга.

Содержание и цели маркетинговой деятельности существенно зависят от конкуренции на финансовых рынках и меняющихся отношений между Банком и клиентурой. Маркетинговая стратегия Банка предполагает первоочередную ориентацию не на свой продукт как таковой, а на реальные потребности клиентуры при тщательном изу-